

"Шарбақты ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Шарбақты ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 311/3 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 21 қарашадағы № 244/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 25 қарашада № 7615-14 болып тіркелді

Шарбақты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің "Шарбақты ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 311/3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7092 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 12-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Ішкі сауда қағидаларының бекіту туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 тіркелген), Шарбақты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шарбақты ауданының әкімі

С. Иманкулов